

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства

**АҒАШ ЕСІКТЕРДІҢ БЛОКТАРЫН МОНТАЖДЫ
КӨБІКПЕН ТҰМШАЛАЙ ОТЫРЫП, КЕРМЕ
ДЮБЕЛЬДЕРМЕН ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН**

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

ТЕХНОЛОГИЧЕСКАЯ КАРТА

**на установку дверных деревянных блоков на
распорных дюбелях с герметизацией
монтажной пеной**

ТК 3.02-08-2012.

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын
үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

Агентство Республики Казахстан по делам строительства
и жилищно-коммунального хозяйства

Астана 2012

ТК 3.02-08-2012. Технологиялық карта

ТК 3.02-08-2012. Технологическая карта

Алғы сөз

- | | |
|--|--|
| 1. ӨЗІРЛЕГЕН | «ҚазҒЗСТҚСИ» РМК |
| 2. ҰСЫНҒАН | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің Ғылыми-техникалық саясат және нормалау департаменті |
| 3. ҚАБЫЛДАҒАН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ | ҚР Құрылыс және ТКШ істері агенттігінің 10.12.2012 жылғы № 605 бұйрығымен 01.05.2013 жылдан бастап |
| 4. ОРНЫНА | алғашқы рет |

Предисловие

- | | |
|---------------------------------|--|
| 1. РАЗРАБОТАНЫ | АО «КазНИИСА» |
| 2. ПРЕДСТАВЛЕНЫ | Департаментом научно-технической политики и нормирования Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства |
| 3. ПРИНЯТЫ И ВВЕДЕНЫ В ДЕЙСТВИЕ | Приказом Агентства РК по делам строительства и ЖКХ от 10.12.2012 года № 605 с 01.05.2013 года |
| 4. ВЗАМЕН | впервые |

Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.

Мазмұны

1 Жалпы ережелер	1
2 Қолдану саласы.....	1
3 Нормативтік сілтемелер.....	2
4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары	4
5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы	6
6 Метериалдық-техникалық ресурстар қажеттілігі	17
7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар	22
8 Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау	31
9 Еңбек шығындарының калькуляциясы	34

**БЕЛГІ ҮШІН
ДЛЯ ЗАМЕТОК**

АҒАШ ЕСІКТЕРДІҢ БЛОКТАРЫН МОНТАЖДЫ КӨБІКПЕН ТҮМШАЛАЙ ОТЫРЫП, КЕРМЕ ДЮБЕЛЬДЕРМЕН ОРНАТУҒА АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КАРТА

Енгізілген күні 2013-05-01

1 Жалпы ережелер

1.1 Ағаш есіктердің блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдермен орнатуға арналған технологиялық карта Қазақстан Республикасының құрылыс объектілерінде қолдану үшін қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттарының (НТҚ) талаптарына сәйкес әзірленген.

1.2 Технологиялық карта құрылыс жұмыстарын ұйымдастыру, олардың технологиясы мен механизациясы бойынша ұтымды шешімдермен құрылысты қамтамасыз етуге арналған.

1.3 Технологиялық картада ағаш есіктердің блоктарын керме дюбельдермен бекітіп және саңылауларды монтажды көбікпен тұмшалай отырып, оларды қабырға оймасына орнату қарастырылады.

1.4 Технолгиялық карта мынадай бөлімдерді қамтиды:

- қолдану саласы;
- нормативтік сілтемелер;
- негізгі қолданылатын материалдардың сипаттамалары;
- жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы;
- материалдық-техникалық ресурстар қажеттілігі;
- жұмыстардың сапасына қойылатын талаптар;
- қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау;
- еңбек шығындарының калькуляциясы.

1.5 Технолгиялық картадағы еңбек режимі жұмыс орнын ұтымды ұйымдастыру, еңбек бөлінісін ескере отырып, бригада жұмысшыларының арасындағы міндеттерді айқын бөлу, жетілдірілген құралдар мен саймандарды қолдану кезінде еңбек процестерін орындаудың оңтайлы қарқыны жағдайында қабылданған.

2 Қолдану саласы

2.1 Дайын ағаш есіктерінің блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдерде орнату жұмысын орындау кезінде ҚР ҚНжЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНжЕ 2.02-05, ҚР ҚНжЕ 3.02-43 басшылыққа алу қажет.

2.2 Бұл технологиялық картада ауданы 3.0 м² дейін және 3.0 м² астам дайын ағаш есіктерін монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдермен ішкі аралық жабындар мен қабырғаларда орнату қарастырылады, бұл тұста жұмыс жүргізудің мынадай шарттары сақталуы тиіс:

- есік ойықтарын толтыруды жобалық құжаттамаға сәйкес нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сай келетін материалдармен және бұйымдармен орындау қажет;

- барлық бекіту деталдары тот басуға төзімді болуға тиіс;

- қалыпты ылғалға төзімді кіру және бөлмеаралық ағаш есіктерін монтаждау терезе блоктары орнатылып, үй-жайдағы ауа ылғалдылығы 50 %-дан төмен емес және 60 %-дан аспайтын кезде, әрі ылғалды жұмыстар процесі аяқталғаннан кейін орындалады.

2.3 Ағаш есіктерінің блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдерде орнату жұмыстары мынадай технологиялық кезектілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі және көмекші жұмыстар:

- ойықты және есік блогын орнатуға дайындау;
- есік блогын орнату;
- есік блогын бекіту;
- есік блогы мен қабырға арасындағы саңылауларды толтыру;
- есік тақтасын қораптағы топсаға ілу;
- жақтаушаларды орнату;
- жақтаушалар мен есік қорабындағы жіктерді тұмшалау;
- есік аспаптарын орнату;

в) қорытынды жұмыстар.

2.4 Ағаш есіктерінің блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдерде орнату жөніндегі технологиялық карта ҚР ҚНЖЕ 1.03-05, ҚР ҚН 1.03-00, ҚР ҚНЖЕ 2.02-05, ҚР ҚНЖЕ 3.02-43, және басқа да қолданыстағы НТҚ, жұмыс жүргізу жобасы мен осы технологиялық картаның 2.2-тармағы талаптарын сақтау кезінде жылдың кез келген уақытында жұмыстарды орындауды білдіреді.

2.5 Технологиялық картаны нақты объектіге және жұмыстарды жүргізу шарттарына байланыстыру жұмыс көлемдерін, еңбек және материалдық-техникалық ресурстар, механизация құралдары қажеттіліктері деректерін, сапаны бақылау, қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды түзетуді нақтылаудан тұрады.

2.6 Осы технологиялық картаны қолдану кезінде ағымдағы жылғы жағдай бойынша жасақталған Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілердің (НҚА) және Нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік-техникалық құжаттардың тізбесі бойынша НТҚ, сондай-ақ күшіне енген НҚА мен НТҚ ағымдағы жылы жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштер бойынша тексеру қажет.

Егер сілтеме НҚА мен НТҚ ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы технологиялық картаны қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) НҚА мен НТҚ басшылыққа алған жөн.

Егер сілтеме НҚА мен НТҚ ауыстырусыз жойылса, онда олардағы сілтеме берілген ереже бұл сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы технологиялық картада мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға сілтеме жасалған:

ҚР ТЖМ-нің 2011 жылғы 21 қазандағы №245 бұйрығымен бекітілген, Жүк көтеру крандарын орнату және қауіпсіз пайдалану бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптары.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы №1682 қаулысымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігі қағидалары»

ҚР ҚНЖЕ 1.03-05-2001 Құрылыстағы еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі.

ҚР ҚНЖЕ 1.03-00-2011 Құрылыс өндірісі. Кәсіпорындар, ғимараттар және құрылыстар ұйымдастыру.

ҚР ҚНЖЕ 2.02-05-2009*	Ғимарат пен құрылыстың өрт қауіпсіздігі.
ҚР ҚНЖЕ 3.02-43.2007*	Тұрғын үй ғимараттары (2008 ж басылым)
ӨР СТ 943-92	Ағаш есіктер. Жалпы техникалық шарттар
МЕМСТ 12.1.004-91	ЕҚЖС. Өрт қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МЕМСТ 12.1.013-78	ЕҚЖС. Электр қауіпсіздігі. Жалпы талаптар.
МЕМСТ 12.1.046-85	ЕҚЖС. Құрылыс. Жарықтандырылған құрылыс алаңдарының нормалары.
МЕМСТ 12.4.059-89	ЕҚЖС. Құрылыс. Сақтандырушы мұқамал қоршауы. Жалпы техникалық шарттар.
МЕМСТ 12.4.087-84	ЕҚЖС. Құрылыс. Құрылыс дуылғалары. Техникалық шарттар.
МЕМСТ 6629-88	Тұрғын және қоғамдық ғимараттар үшін ішкі ағаш есіктері. Үлгілері мен конструкциясы
МЕМСТ 7948-80	Құрылыс болат салмақ аспасы. Техникалық шарттар
МЕМСТ 9416-83	Құрылыс деңгей өлшегіштері. Техникалық шарттар
МЕМСТ 11042-90	Құрылыс болат балғалары. Техникалық шарттар
МЕМСТ 24258-88	Араластыру құралдары. Жалпы техникалық шарттар
МЕМСТ 24698-81	Тұрғын және қоғамдық ғимараттар үшін сыртқы ағаш есіктері. Үлгілері мен конструкциясы
МЕМСТ 25573-82*	Құрылысқа арналған жүк ілмектер. Техникалық шарттар
МЕМСТ 26433.1-89	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Өлшемдерді орындау қағидалары. Зауыттың дайындау элементтері
МЕМСТ 26433.2-94	Құрылыстағы геометриялық параметрлердің дәлдігін қамтамасыз ету жүйесі. Ғимарат пен құрылыс параметрлерін өлшеуді орындау қағидалары.
МЕМСТ 30547-97	Орама жабын және су оқшаулағыш материалдары

Қазақстан Республикасының құрылыс нормалары. Құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстарының бірыңғай нормалары мен бағалаулары (БНЖБ) пайдаланды.

ҚР Е 8.04-1-2010 Е1 жинағы Ішкі құрылыс көлік жұмыстары.

ҚР Е 8.04-1-2010 Е6 жинағы Ғимараттар мен құрылыстардағы ұсталық және столярлық жұмыстар.

БНЖБ Е20 жинағы Жөндеу-құрылыс жұмыстары. 1-шығарылым.

4 Негізгі қолданылатын материалдар мен бұйымдардың сипаттамалары

Ағаш есіктердің блоктарын орнату кезінде мынадай материалдар мен бұйымдар қолданылады:

4.1 Ағаш есіктердің блоктары

Тұтынушыға жеткізілетін, зауыт толық дайындаған ағаш есіктері ҚР СТ 943, МЕМСТ 6629 және МЕМСТ 24698 талаптарына сәйкес болуға тиіс.

Ағаш блоктары деталдарының сүрек ылғалдығы мынадай болуға тиіс:

- қорап (12 ± 3) %;
- тақта, жақтаушалар (9 ± 3) %.

Тұтынушыға жеткізілетін есік блоктарының әрбір партиясы сапа туралы құжатпен қамтамасыз етіледі.

Есік блоктарының тақталары тасымалданар алдында есік қорабына бекітетін аспаптармен, егер аспаптар көзделмеген жағдайда бұйымдарға зақым келтірмейтін планкалармен, тартпалармен немесе басқа да құрылғылармен мықтап бекітілуіне тиіс. Есік блоктары су өткізбейтін немесе парафин қағазбен оралуы немесе қорғаныштық полиэтилен қабыршағымен жабылуға тиіс.

Табалдырықсыз есік қораптарын шегелермен немесе бүрлі қосылыстармен тік бөрендердің бүйіріне бекіте отырып, монтажды тақтаймен төменнен сөгеді.


Есік блоктарын жүктерді тасымалдаудың қолданыстағы қағидаттарына сәйкес барлық көлік түрлерімен дұрыс орнатылған орнықты қатарда тік күйінде тасымалдайды, бұл ретте әйнектелген тақтаны көлік қозғалысы бағытын бойлай салады.

Есік блоктарын тиеу және түсіру тоқыма арқанның немесе жұмсақ төсеніштері бар қармауыштардың немесе қорғаныш-сәндік жабындарын сақтауды қамтамасыз ететін, әрі бұйымды майысудан және механикалық зақымданудан сақтайтын басқа да құрылғылардың көмегі арқылы жүк көтергіш кранмен жүргізіледі.


Есік блоктарын сақтау және тасымалдау кезінде олардың механикалық зақымдануынан, ластануынан, ылғалдануынан, атмосфералық жауын-шашынның әсерінен қорғауға арналған шаралар көзделеді.

Есік блогын арқандаудың схемасы 1-суретте берілген.

Есік блоктарын арнайы ағаш сөрелерде қаттау схемасы 2-суретте берілген.



1-сурет – Есік блогын арқандау схемасы



2-сурет – Есік блоктарын арнайы ағаш сөрелерде қаттау схемасы

4.2 Ағаш жақтаушалар

Тұтынушыға жеткізілетін жақтаушалар қолданыстағы НТҚ сәйкес болуға тиіс.

Тұтынушыға жеткізілетін жақтаушалардың әрбір партиясы сапа туралы құжатпен қамтамасыз етіледі.

ТК 3.02-08-2012

Жақтаушалар көліктің осы түрі үшін қолданыстағы жүк тасымал қағидаттарына сәйкес көліктің барлық түрлерімен тасымалданады.

Тиеу-түсіру жұмыстары, тасымалдау және сақтау кезінде жақтаушалардың сақталуы (механикалық зақымданудан, ылғалданудан, ластанудан қорғау) қамтамасыз етілуге тиіс.

Жақтаушалар жабық үй-жайда, маркалар бойынша сұрыпталып, зауыт дайындығының қималары, ұзындықтары мен дәрежесі бойынша сақталады.

Сақтау шарттары сүректің нормаланған ылғалдылығын қамтамасыз етуге тиіс.

4.3 Бекіту элементтері

Ағаш есік блоктарын орнату кезінде бекіту элементтері ретінде ұзындығы 112 мм, 132 мм керме металл рамалық (анкерлік) дюбельдер, жақтаушаларды бекіту үшін 2,0 мм × 50 мм шегелер (қалпақсыз) мен желім шегелер, сондай-ақ қара қағазды бекіту үшін 1,6 мм × 25 мм жәшік шегелері қолданылады.

Тұтынушыға жеткізілетін бекіту элементтерінің әрбір партиясы сапа туралы құжатпен қамтамасыз етіледі.

Бекіту элементтері өндіруші ыдысында жабық үй-жайларда сақталады.

4.4 Монтажды көбік

Кіру есіктерінің жіктерін бітеу үшін өздігінен ұлғаятын монтажды көбік қолданылады.

Монтажды көбіктің көптеген материалдарға жақсы жабысу, жоғары тұмшалау және акустикалық оқшаулау, жақсы толтыру және монтаждау қабілеті бар.

Монтажды көбіктің әрбір партиясы сапа туралы құжатпен қамтамасыз етіледі.

Орама - 750 мл аэрозоль баллоны.

4.5 Қымтақ

Жақтаушалар мен аралық жабындардың есік қорабы арасындағы жіктерді толтыру үшін жоғары сапалы силиконды эмбебап түссіз қымтақ пайдаланылады.

Қымтақтың әрбір партиясы сапа туралы құжатпен қамтамасыз етіледі.

Бекіту бұйымдары мен жылу оқшаулағыш материалдар жабық үй-жайларда жеткізушінің ыдысында сақталуға тиіс. Әрбір материал үшін температуралық режим орамада көрсетілген.

Міндетті түрде сертификациялауға жататын материалдардың Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

Қолдану тәжірибесі мен республика аумағында қолданылатын нормативтік-техникалық құжаты жоқ импортталатын құрылыс материалдары мен бұйымдарының Қазақстан Республикасының сәйкестік сертификаты болуға тиіс.

5 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру және оның технологиясы

5.1 Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру

5.1.1 Дайын ағаш есіктердің блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдермен орнату жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруды жобалық құжаттаманың, ҚР ҚН 1.03-00, ЖЖЖ мен осы технологиялық картаның талаптарына сәйкес орындау қажет.

5.1.2 Ағаш есік блоктарын орнату жұмыстарын жүргізу басталғанға дейін мынадай жұмыстарды орындау қажет:

- жұмыстарды жүргізуге жауапты адамды тағайындау;
- қол қойдыра отырып, жұмыс жүргізу кезінде еңбекті қорғау, электр және өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау жөнінде нысаналы нұсқама жүргізу;
- жұмысшыларға жобаның жұмыс сызбаларымен, жұмыстарды жүргізу жобасымен (ЖЖЖ), белгіленген тәртіппен бекітілген басқа да жобалық құжаттамамен

және осы технологиялық картамен қол қойдыра отырып, таныстыру;

- ойықтарға ағаш есік блоктарын орнату алдындағы барлық жұмыстарды орындау және акті жасақтай отырып, белгіленген тәртіппен қабылдау;

- қабырғаға таза еден белгісін салу;

- объектіге келетін бұйымдар мен конструкциялардың сапасы мен тұтастығын тексеру;

- жоба және НТҚ талаптарына сәйкес есік блоктарының сапасына кіріс бақылауын жүзеге асыру;

- ойықтар мен блоктардың мөлшерлерін жобалық құжаттама мен НТҚ талаптарына сәйкестігін тексеру;

- материалдар мен бұйымдарды қаттау орнын айқындау және үздіксіз жұмыс үшін оларды ауысымға қажет санда әкелу;

- жұмысшы звеносын араластыру құралдарымен жұмыстарды орындау үшін қажетті құралдармен және саймандармен қамтамасыз ету;

- жұмысшыларды НТЖ талаптарына сәйкес жеке қорғау құралдарымен және арнайы киіммен қамтамасыз ету.

Жұмыстарды жүргізуді ұйымдастыру кезінде жұмыс орны өндірістік процестің және санитариялық гигиена мен қауіпсіздік техникасы қағидаттарын сақтай отырып, жұмыстарды орындау шарттарына сәйкес дайындалуы тиіс.

Жұмыс орнындағы жабдықтың, сайманның орнатылуы жұмыстың қысылтаң жағдайы туындамайтын, құралдар мен керек-жарақтарға бару және іздеуге артық уақыт шығындамайтын есеппен жоспарланады.

Жұмыс орнындағы құралдар мен құрылғылардың саны ауысым ішінде оларды алуға және алмастыруға барынша аз уақыт кететін үздіксіз жұмысты қамтамасыз ететіндей қажетті ең аз санда болуға тиіс.

Құралдар мен құрылғылар пайдалану үшін ыңғайлы белгілі бір тәртіппен орналасуға тиіс.

Автокөліктен материалдарды түсіруді ЖЖЖ-ға сәйкес автомобиль кранымен орындайды. Қабаттарға материалдарды көтеру мачталық көтергіштің (ЖЖЖ-ға сәйкес техникалық сипаттамасы бойынша ұқсас механизммен ауыстыруға болады) көмегімен ЖЖЖ-да айқындалған санда жүзеге асырылады. Этаж бойынша материалдарды тасу қолдай орындалады.

5.1.3 Ағаш есіктерін орындау жұмыстарын мынадай құрамдағы звено орындайды:

- 4 разрядты ағаш ұстасы (А1) – 1 адам;

- 3 разрядты ағаш ұстасы (А2) – 1 адам.

Жұмыстар кешеніне мыналар қатысады:

- мачталық көтергіштің 3 разрядты машинисі (МК) – 1 адам;


- 6 разрядты кран машинисі (КМ) – 1 адам;

- 2 разрядты такелажшы (арқандаушы) (Т1, Т2) – 2 адам;

- 2 разрядты қосалқы жұмысшы (ҚЖ1, ҚЖ2) – 2 адам.

Жанама жұмыстарды орындау кезінде (арқандау, материалдарды жұмыс орнына беру) ағаш ұсталарының екінші разрядтан төмен емес такелажшы куәлігі болуға тиіс.

5.1.4 Ағаш есіктері блоктарын орнату кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы 3-суретте берілген.



- 1 – құралдар мен бекіту бұйымдары бар жәшік;
- 2 – күрделі қабырға;
- 3 – орнатылатын есік қорабы;
- 4 – есік тақтасы;
- 5 – ағаш төсемдер

A1 - A2 - ағаш ұсталарының жұмыс орындары

3-сурет – Ағаш есік блоктарын орнату кезінде жұмыс орындарын ұйымдастыру схемасы

5.2 Жұмыстарды жүргізу технологиясы

Ағаш есіктерінің блоктарын есік ойықтарына орнату кезіндегі жұмыс мынадай технологиялық кезектілікпен орындалады:

а) дайындық жұмыстары;

б) негізгі және көмекші жұмыстар:

- ойықты және ағаш блогын орнатуға дайындау;
- есік блогын орнату;
- есік блогын бекіту;
- есік блогы мен қабырға арасындағы саңылауларды толтыру;
- есік тақтасын қораптағы топсаға ілу;
- жақтаушаларды орнату;
- жақтаушалар мен есік қорабындағы жіктерді толтыру;
- есік аспаптарын орнату;

в) қорытынды жұмыстар.

5.2.1 Дайындық жұмыстары

Техникалық персоналдан нұсқама алып, жұмыс сызбаларымен және осы технологиялық картамен танысқан жұмыс звеносы қажетті құралдар мен саймандар алады.

5.2.2 Негізгі жұмыстар

5.2.2.1 Ойықты және ағаш блогын орнатуға дайындау

Ойықты шөткенің көмегімен қоспа қыртыстарынан, бетоннан және құрылыс қоқыстарынан тазартады.

Орама өлшегішпен ойық мөлшерін, салмақ аспамен – вертикальды осьтің ауытқуын өлшейді.

Орама өлшегішпен есік блогы мөлшерінің сәйкестігін тексереді, есік блогын уақытқа бекітпелерден, тыстан босатады, есік тақтасын топсадан алады.

Бірінші қабат пәтерлеріне кіру есігі блоктарын орнату кезінде қораптың цементті-күм құймасымен жанасатын төменгі бөлігін қара қағазбен қаптайды.

5.2.2.2 Есік блогын орнату

Дайындалған қорапты тіреме (көтерме) дөңестер арқылы ойыққа орнатады. Қораптың екі жағы саңылауының бірдей болуын және жобаға сәйкес орнығуын қамтамасыз ете отырып, сыналайды.

Қорап пен тақтаның қысылуын болдырмау, алдын ала белгіленген қажетті саңылауларды қамтамасыз ету үшін есік қорабын керуді орындайды.

Монтаждау кезінде көмекші бекітпе ретінде қолданылатын керме бөрендерді қорап ойыққа түпкілікті бекіген соң алып тастайды.

Пәтер ішіндегі табалдырықсыз есік блоктарын орнату кезінде есік тақтасы мен еден арасындағы саңылау 5 мм аспауға тиіс.

5.2.2.3 Есік қорабын бекіту

Бекіту жұмыстарын жүргізу кезінде мыналарды ескеру керек:

- тіптен арнайы жасалған шегенің өзін қолдануға жол берілмейді;
- дюбельдермен бекіту кезінде бұрғы оқпанымен қорап бетін зақымдауға жол бермейтін ұзындықтағы бұрғыны пайдалану керек;
- бұрғылау орындарында есік қорабы мен есік ойығының жиегі арасындағы саңылауға қалыңдығы 20 мм монтажды ағаш сынасын немесе есік қорабын ауытқытпай бекіту үшін ағаш тақтай (бөрен) орнату қажет;
- дюбельдерді орнатар алдында бұрғыланған тесіктерді үрлеу әдісімен тазарту керек;
- қораптың қисаюын болдырмас үшін дюбельді тартуды бұрама бұрағышты пайдаланып орындау керек (бұл ретте қарсы жағына төмес немесе сына орнату қажет);

- бекітпелер арасындағы қашықтық 800 мм аспауға тиіс.

Тесікті белгілеп және металл рамалық дюбельді электрлі бұрғымен бұрғылайды. Бұрғылау режимін қабырға материалының мықтылығына қарай тандайды. Бұрғылаудың мынадай режимдері бар:

- қуыс кірпішті, жеңіл бетон блогын тесу кезінде таза бұрғылау (соққысыз) режимі;

- қуыссыз кірпішті тесу кезінде жеңіл соққымен бұрғылау режимі;

- тығыздығы 700 кг/ м³ бетон қабырғасы және табиғи тастардан жасалған конструкциялар үшін перфораторлау режимі.

Дюбель бітелуінің ең аз тереңдігі мынадан кем болмауға тиіс, мм:

40 – ауыр бетон және қуыссыз кірпіш қабырға үшін;

60 – газды-силикаттан, керамзитті бетоннан және қуыс кірпіштен жасалған қабырға үшін.

Есік қорабын дюбельді бұрама бұрағышпен бұрай отырып, монтажды ағаш сынасымен бекітеді.

Дюбель қалпақтарын қорап профилінің ішкі жағына енгізеді.

5.2.2.4 Есік блоктары мен қабырға арасындағы саңылауды толтыру (кіру есіктері үшін)

Қорап пен қабырғаның бүйірлік бетін шаңнан тазартады, есік қорабын сылақ таспасымен желімдейді. Көбіктің ұлғаюын және дұрыс жабысуын жақсарту үшін қорап пен қабырғаның бүйірлік бетін бүріккіштің көмегі арқылы сумен ылғалдайды. Есік қорабын керме бөрендермен сыналау қажет (ойыққа 2-3 дана). Бөрендерді көбік толық қатқанша ұстау керек. Есік қорабы мен қабырға арасындағы саңылауды көбікпен толтыруды көбікті баллонды сілкей отырып, оның тереңдігінің 2/3 бөлігінен аспайтын күйде саңылауды толтырумен орындайды. Көбікті беруді реттетуге мүмкіндік беретін монтажды көбікке арналған пистолет қолданылады. Бір орында кідіру жік көбігінің кедір-бұдыр болуына әкеледі.

Көбік қатқаннан кейін артығы қорап бетімен бірдей етіп кесіледі және монтажды керме бөрендер алынады.

5.2.2.5 Есік тақтасын қорап топсаларына ілу

Есік тақтасы асылады. Топсаларды реттеу, тақтаны жону және басқа да тәсілдермен есіктің жабылуы тексеріледі.

5.2.2.6 Жақтаушаларды орнату

Монтажды жіктер бір немесе екі жағынан жақтаушамен немесе добор элементімен жабылады. Жақтаушаларды өлшеу және кесу жүргізіледі. Жақтаушалар қорапқа кемінде 5 мм енетін түрде тігінен және көлденеңінен орнатылады. Жақтаушалардың жік және қиюласу орындарының 0,5 мм асуына жол берілмейді.


Жақтаушаларды есік блогына 500 мм аралықта 2,0 мм × 50 мм сәндік шегелермен және желім шегемен орнатады.

5.2.2.7 Жақтаушалар мен есік қорабы арасындағы жіктерді силикон қымтақпен толтыру


Жақтаушалар мен есік қорабы арасындағы жіктер (ені 3 мм) қымтаққа арналған монтажды пистолеттің көмегімен силиконды түссіз қымтақпен бітеледі.

Есік блогын орнатудың технологиялық кезектілігі 4-суретте берілген.


а) Есік қорабын есік ойығында өлшеу




б) Есік блогын есік ойығына орнату



в) жіктерді монтажды көбікпен толтыру



г) Қымтақ құю



- 1 – күрделі қабырға;
- 2 – есік қорабы;
- 3 – керме дюбельдер;
- 4 – электрлі бұрама бұрағыш;
- 5 – монтажды көбікті баллон

- 6 – қымтаққа арналған монтажды пистолет;
- 7 – қымтақ;
- 8 – монтажды керме бөрен
- 9 – құралдар мен бекітпе бұйымдар салынған жәшік

4-сурет – Есік блогын орнатудың технологиялық кезектілігі

5.2.2.8 Есік аспаптарын орнату

Есік қорабын бекіткеннен кейін есік тақталарын ілу және есік аспаптарын орнату орындалады. Аспаптарды орнату орындарына белгі салынады. Қажетті тесіктерді бұрғылау орындалады. Есік тұтқалары, бекіту құрылғылары орнатылады, ашу механизмдері тексеріліп, реттеледі.

Есіктердегі бекіту аспаптары бірдей биіктікте орнатылады.

5.2.3 Қорытынды жұмыстар

Құрылыс-монтаж, арнайы және әрлеу жұмыстары аяқталғанға дейін орнатылған есік блоктары ылғалдан, ластанудан механикалық зақымданудан полиэтилен қабықпен жабу арқылы қорғалады.

Жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмысшылар жұмыс орнын қоқыстан тазартады, құралдарды, құрылғылар мен қалдық материалдарды қоймаға өткізеді.

5.3 Ағаш есік блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдермен орнатудың операциялық картасы 1-кестеде берілген.

1-кесте – Ағаш есік блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдермен орнатуға арналған операциялық карта

Операция атауы	Технологиялық камтамасыз ету құралдары (технологиялық керек-жарақ, құрал, сайман, құрылғы), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операция сипаты
Дайындық жұмыстары			
Дайындық жұмыстары	-	4-разрядты ағаш ұстасы (А1), 3-разрядты ағаш ұстасы (А2), мачталық көтергіштің 3-разрядты машинисі (КМ), 2-разрядты такелажшы (арқандаушы) (Т1, Т2), 2-разрядты қосалқы жұмысшы (ҚЖ1, ҚЖ2), автомобиль кранының 6 разрядты машинисі (КМ)	Жұмысшылар техникалық персоналдан тапсырма алады, жұмыс орнында нұсқама журналына қол қоя отырып, техникалық қауіпсіздік жөнінде нұсқамадан өтеді, құрал, сайман, материалдарды алады, жобаның жұмыс сызбаларымен, ЖЖЖ және технологиялық картамен танысады
Негізгі жұмыстар			
Ойықты есік блогын орнатуға дайындау	Орама өлшегіш, ара, балта, қарындаш, салмақ аспа, балға, қашау, шөтке	А1, А2	А2 ойықты қоспа қыртыстарынан және құрылыс қоқысынан тазартады. А1 орама өлшегіштің көмегімен ойық мөлшерінің есік блоктарының мөлшеріне сәйкестігін, салмақ аспамен еңістердің тіктігін, есік блоктары тақталары астының белгілерін тексереді, А2 керме сыналарын, тіреу дөңестері мен монтажды керме бөрендерін дайындайды

1-кесте (жалғасы)

Операция атауы	Технологиялық камтамасыз ету құралдары (технологиялық керек-жарақ, құрал, сайман, құрылғы), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операция сипаты
Есік қорабын жинау, керме сыналармен ойыққа орналастыру және түзету	Орама өлшегіш, балға, пышақ, электрлі бұрғы, қолдай электрлі бұрама бұрағыш, балға, салмақ аспа, деңгей өлшегіш, балта, түзеткіш	А1, А2	А1 және А2 орама өлшегіштің көмегімен есік блогы мөлшерінің сәйкестігін тексереді, уақытша бекітпелерді, ораманы босатады, есік тақтасын алады. Жиналмалы есік қорабын А.1 және А2 ашылу бағыты мен еден деңгейін ескере отырып, ойықтағы тіреу дөңестерге орнатады. Одан соң А.1 және А2 есік қорабы мен ойық жиегі арасындағы біркелкі саңылауларды камтамасыз ете отырып, керме сыналарды орнатады. А.1 және А2 салмақ аспамен орнатудың тіктігін және деңгей өлшегішпен көлденеңінің дұрыстығын тексереді.
Есік қораптарын бұрама бұрағыштың көмегімен керме дюбель арқылы бекіту	Бұрама бұрағыш, керме сына	А1, А2	А2 Қорапта дюбель тесігі үшін бұрғылау орнын белгілейді, саңылауға сына орнатады. А1 электрлі бұрғымен 800 мм қашықтық сайын тиісті тереңдікте тесік теседі және бұрғыланған тесіктерге дюбель салып, бұрама бұрағышпен қорап сыртынан тартуды орындайды.
Есік блогына керме бөрендерін орнату	Молоток, распорные брусья	А1, А2	А.1 және А2 қорап пен тақтаның қысылуын болдырмау, алдын ала белгіленген қажетті саңылауларды сақтау үшін есік қорабын керме бөрендермен керуді орындауды

1-кесте (жалғасы)

Операция атауы	Технологиялық камтамасыз ету құралдары (технологиялық керек-жарақ, құрал, сайман, құрылғы), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операция сипаты
Есік блоктары мен қабырға ойығының арасындағы саңылауларды монтажды көбікпен толтыру	Монтажды көбікке арналған пистолет, пышак, қолдай бүріккіш, шөтке	A2	A2 есік периметрлерін сылақ таспасымен желімдейді, қорап пен қабырғаның бүйірлік бетін тазартады, жіктердің бетін сумен ылғалдайды, содан соң жікті 2/3 тереңдікте монтажды көбікпен толтырады. Содан соң көбік қатқаннан кейін A2 оның артығын кесіп тастайды, монтажды бөрендер мен сылақ таспасын алады.
Есік аспаптарын орнату	Фрезер, қашау жиыны, бұрама бұрағыш, балға	A1	A1 есік топсаларын, тұтқалары мен бекіту аспаптарын орнату орнын белгілейді. Фрезердің көмегімен қажетті тесіктерді бұрғылайды. Топсаларды, аспаптар мен тұтқаларды орнатады, ашу механизмін реттейді.
Есік тақтасын қорап топсасына ілу	Электрлі бұрғы, бұрама бұрағыш, қарындаш, орама өлшегіш, металл бұрыш өлшегіш	A1, A2	A1 және A2 есік тақтасын есік қорабының топсасына ілуді орындайды. A1 қорап пен тақта арасындағы саңылау енін бақылауды орындайды.
Жақтаушаларды орнату	Балға, дискілі ара, қымтаққа арналған пистолет	A1, A2	A2 орама өлшегіштің көмегімен жақтаушаның қажетті ұзындығын өлшейді, оны дискілі арамен кеседі. A1 Есік қорабының бір жағына немесе екі жағына жақтаушаларды орнатады оларды қалпақсыз шегелермен бекітеді (500 мм сайын) және белгілі бір қашықтықта желім шегемен (жоба бойынша) бекітеді.

1-кесте (жалғасы)

Операция атауы	Технологиялық камтамасыз ету құралдары (технологиялық керек-жарақ, құрал, сайман, құрылғы), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операция сипаты
Жақтаушалар мен есік қорабының арасын силикон қымтақпен толтыру	Қымтаққа арналған монтажды пистолет	А2	А2 пистолеттің көмегімен жақтауша мен есік қорабы арасындағы жікті силикон қымтақпен толтырады
Көмекші жұмыстар			
Материалдарды объекті маңындағы қоймаға жүк көтергіштігі 10 т автомобиль кранымен түсіру	Автомобиль краны, екі тармақты арқан, сақиналы арқан	Т1, Т2, КМ	Т1 есік блоктарын арқандайды, КМ Т2 нұсқауы бойынша оларды көтереді және объекті маңындағы қойманың қаттау алаңына көшіреді, Т2 бұйымдарды қабылдайды және арқанды шешуді орындайды
Материалды объекті маңындағы қоймадан автокөлікке қолдай тиеу		ҚЖ1, ҚЖ2	ҚЖ1, ҚЖ2 материалды объекті маңындағы қоймадан автокөлікке қолдай тиейді
Материалды автокөліктен беру орнына қолдай түсіру		ҚЖ1, ҚЖ2	ҚЖ1, ҚЖ2 материалды автокөліктен беру орнына қолдай түсіреді

1-кесте (жалғасы)

Операция атауы	Технологиялық камтамасыз ету құралдары (технологиялық керек-жарақ, құрал, сайман, құрылғы), машиналар, механизмдер, жабдық	Орындаушы	Операция сипаты
Материалды жұмыс жүргізу орнына орташа биіктігі 14 м консолды көтергішпен беру	Мачталық көтергіш	МК, Т1, Т2, А1, А2	Т1 және Т2 есік блоктарын көтергішке тиейді және Т1 МК көтеру белгісін береді. МК есік блоктарын қабаттарға береді. А1 және А2 блоктарды көтергіштен түсіреді және қабаттардағы уақытша қаттау алаңына қаттайды
Материалды 30 м дейінгі қашыққа тасу	Қармауыш жүйесі	ҚЖ1, ҚЖ2	ҚЖ1 және ҚЖ2 қабаттардағы уақытша қаттау орнынан жұмыс жүргізу орнына апаруды орындайды
Қорытынды жұмыстар			
Есік блоктарын қорғау	-	ҚЖ1	Ағаш есік блогын полиэтилен қабықпен жабады (қажеттілігіне қарай)
Жұмыс орнын жинастыру	-	А1, А2, ҚЖ1, ҚЖ2, Т1,Т2, КМ, МК	Ауысым аяғында жұмысшылар сайманды, құралдар мен пайдаланылмаған материалдарды қоймаға өткізеді. Жұмыс орнын қоқыстан тазартады.

6 Материалдық-техникалық ресурстар қажеттілігі

6.1 Ағаш есік блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдермен орнату кезіндегі материалдар мен бұйымдар қажеттілігінің ведомосі 2-кестеде берілген.

2-кесте - Ағаш есік блоктарын монтажды көбікпен тұмшалай отырып, керме дюбельдермен орнату кезіндегі материалдар мен бұйымдар қажеттілігінің ведомосі

1 м²

p/c №	Материал, бұйым атауы	ТНҚА атауы мен белгісі	Өлшем бірлігі	Саны	
				блоктың 3,0 м ² дейінгі алаңы кезінде	блоктың 3,0 м ² астам алаңы кезінде
1	Ағаш есік блогы	МЕМСТ 6629, МЕМСТ24698, ҚР СТ 943-92			
2	Құрылыс-монтажды керме дюбель - М10 × 132 мм	-	дана	3,05	1,76
3	Қалпақсыз құрылыс шегесі 2,0 мм × 50 мм	-	дана/кг	6,09	4,04
4	Желім шеге		дана/кг		
5	Қатты қорытпалы бұрғы - диаметрі 12 мм ұзындығы 140 мм	-	дана	0,2	0,17
6	94 мм × 20 мм × 670 мм тактай (II сұрыптан төмен емес) – (тіреу дөңестерге, керме сыналар мен бөрендерге)	-	м ³	0,001	0,001
Есік қорабының 1 қ.м жақтаушалар орнату					
1	Жақтауша	-	м	1,12	1,12
Пәтерлерге кіру есіктері үшін қосымша 1 қ.м.					
1	Гидроокшаулағыш қара қағаз (кәтерлерге кіру есіктері үшін)	МЕМСТ 30547	м ²	0,08	0,08
2	Жәшік шегелері 1,6 мм × 25 мм	-	Дана	3,06	3,06
Есік блогы мен қабырға арасындағы саңылауларды толтыру, есік қорабының 1 қ.м.					

2-кесте (жалғасы)

1 м²

р/с №	Материал, бұйым атауы	ТНҚА атауы мен белгісі	Өлшем бірлігі	Саны	
				блоктың 3,0 м ² дейінгі алаңы кезінде	блоктың 3,0 м ² астам алаңы кезінде
1	Монтажды көбік – бетон қабырғалар мен қуыс кірпішті қабырғалар; - газды-силикатты қабырғалар мен қуыс кірпішті қабырғалар, керамзитті-бетон қабырғалар	-	мл	178,6	131,32
				178,6	131,32
Аралық жабынға есік орнату кезінде, есік қорабының 1 м					
1	Силикон қымтақ	-	мл	5,17	5,17

ЕСКЕРТУ Ресурстарды жұмсау көрсеткіштері орташа болып табылады және жобалық құжаттар бойынша нақтыланады.

6.2 Машиналардың, механизмдердің, жабдықтың, технологиялық керек-жарақтың, құралдың, сайманның және құрылғылардың тізбесі 3-кестеде берілген.

3-кесте - Машиналардың, механизмдердің, жабдықтың, технологиялық керек-жарақтың, құралдың, сайманның және құрылғылардың тізбесі

8 адамдық звеноға

р/с №	Атауы	Тип, марка, дайындаушы-зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамасы	Звеноға (бригадаға) арналған саны, дана
1	Сачталық көтергіш	ЖЖЖ бойынша	Материалдарды жұмыс орнына беру	H-14 м	1
2	Автомобиль краны	ЖЖЖ бойынша	Материалдарды түсіру	Ж/к 10 тн	1
3	Сым арқан (МЕМСТ 25573)	2СК	Есіктерді арқандау	Ж/к 10 тн	1
4	Тоқыма арқан (МЕМСТ25573)	СКК	Есіктерді арқандау	Ж/к 1,0 тн	2
5	Денгей өлшегіш (МЕМСТ 9416)	-	Блок орнатудың көлденеңдігін бақылау	-	1
6	Орнатпа өлшегіш (МЕМСТ 25782)	-	Есіктің орнығуын бақылау	Ұзындығы 3 м	1

3-кесте (жалғасы)

8 адамдық звеноға

р/с №	Атауы	Тип, марка, дайындаушы-зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамасы	Звеноға (бригадаға) арналған саны, дана
7	Бұрама бұрағыш	-	Бұрамаларды бұрау	Қуаты 12 В, 180 айн/ мин	1
8	Электрлі бұрғы	-	Дюбель орнату үшін тесіктерді бұрғылау	Атаулы қажет. қуаты 850 Вт Шығ. Қуаты 430 Вт Бекіту диапазоны 1,5 мм–ден 13 мм дейін Кірп. Қабат тесік диам. 20 мм / 15 мм	1
9	Дискілі ара	-	Жақтаушаларды кесу	Қуаты: 1400 Вт Диск диаметрі: 190 мм 90° бұрышпен кесу тереңдігі: 70 мм Айналыс саны: 5500 айн/мин Салм: 4.2 кг	1
10	Фрезер	-	Есік аспаптарын орнатуға тесіктерді бұрғылау	Қуаты: 2200 Вт Өңдеу тереңдігі, мм, 67 Цанг оқпанының диаметрі, мм, 12 Баяу қосқыштың болуы	1
11	Балта	-	Сыналар дайындау	-	2
12	Монтажды пистолет	-	Қымтақ, монтажды көбік жағу	-	2

3-кесте (жалғасы)

8 адамдық звеноға

р/с №	Атауы	Тип, марка, дайындаушы-зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамасы	Звеноға (бригадаға) арналған саны, дана
13	Струбцин жиыны	-	Ойыққа блок орнату	-	Жиын
14	Қашау жиыны	-	Ағашпен жұмыс	-	Жиын
15	Металл бұрыш өлшегіш	-	Блоктың орнығуын бақылау	$L - 90^\circ$	1
16	Қармау жүйесі	-	Есік блоктарын тасу	-	2
17	Балға (МЕМСТ 11042)	-	Шеге қағу	-	1
18	Кермелер	-	Блокты бекіту	-	Жиынтық
19	Өлшейтін металл сызғыш	-	Өлшеу жұмыстары	$L = 500$ мм, бөлу бағасы 1 мм	1
20	Өлшейтін металл орама	-	Өлшеу жұмыстары	$L = 10000$ мм, бөлу бағасы 1 мм	1
21	Шөтке (МЕМСТ 10597)	-	Ойықты тазарту	-	2
22	Ағаш кесетін ара	-	Материалдарды аралау	-	1
23	Тұрмыстық бүріккеш	-	Ойық жіктерін ылғалдандыру	-	1
24	Аспа өлшегіш (МЕМСТ 7948)	-	Блок орнатпасының тігін бақылау	-	1
25	Термометр	-	Қоршаған орта температурасын анықтау	Өлшеу ауқымы 0°C -ден 50°C дейін	1
26	Ылғал өлшегіш	-	Сүректің ылғалын анықтау	-	1
27	Құрылыс дулығасы (МЕМСТ 12 4.087)	-	Жеке қорғаныш құралы	-	11
28	Арнайы қолғап	-	Жеке қорғаныш құралы	-	11 жұп

3-кесте (жалғасы)

8 адамдық звеноға

р/с №	Атауы	Тип, марка, дайындаушы-зауыт	Мақсаты	Негізгі техникалық сипаттамасы	Звеноға (бригадаға) арналған саны, дана
29	Аяқ киім	-	Жеке қорғаныш құралы	-	11 жұп
30	Комбинезондар	-	Жеке қорғаныш құралы	-	11
31	Қорғаныш көзілдірігі	-	Жеке қорғаныш құралы	-	2
32	Монтажды тұғырлар (МЕМСТ 24258)	-	Ылғалдау құралы	-	1
33	Жұмыс учаскесін қоршау (МЕМСТ 23407)	-	Жұмыс аймағын қоршау	-	Жиынтық
34	Дәрі қорабы	-	Алғашқы көмек көрсету	-	1

7 Жұмыс сапасына қойылатын талаптар

Ағаш есік блоктарын монтажды көбікпен тұмшалау отырып керме дюбельдермен орнату кезіндегі жұмыстарға қойылатын талаптар технологиялық процестерді бақылау картасында берілген (4-кесте).

4-кесте –Технологиялық процестерді бақылау картасы

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамаларды іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА белгіленуі	Өлшем, сынақ құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шектік ауытқу					Тип, марка, ТНҚА белгіленуі	Өлшеу ауқымы, қателік шегі, дәлдік сыныбы	
Кіріс бақылауы										
Есік аспаптары бар, кешенді ағаш есіктердің блоктары	Түрі, марка	Жобалық құжаттама -ға сәйкес	Паспорттық деректерге сәйкес	Объекті маңындағы қойма	Тұтас	Шебер (прораб)	Көзбен шолу	Сапа туралы құжат (жеткізуші паспорты)		Кіріс бақылау журналы
	Геометрия -лық мөлшерлері, мм	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Ішінара, әр партиядан үш дана		Сондай	Өлшемелі (МЕМСТ 26433.1)	

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамаларды іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА белгіленуі	Өлшем, сынақ құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шектік ауытқу					Тип, марка, ТНҚА белгіленуі	Өлшеу ауқымы, қателік шегі, дәлдік сыныбы	
Құрастыру бірліктерінің ұштас мөлшерлері:	Қорап енінің ішкі мөлшерлері, мм: - 1300 қоса алғанда – 1500 астам	-«-	+1,0 +2,0	-«-	Сондай	-«-	Сондай	Өлшегіш металл орама	Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 10000 мм дейін бөлу бағасы 1 мм. Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 500 мм дейін бөлу бағасы 1 мм	-«-
	Тақта енінің ішкі мөлшерлері, мм: 1300 қоса алғанда - 1500 астам	Жоба бойынша	-1,0 -2,0	Объекті маңындағы қойма	Ішінара, әр партиядан үш дана	Шебер (прораб)	Өлшемелі (МЕМСТ 26433.1)	Өлшегіш металл орама Өлшегіш металл сызғыш	Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 10000 мм дейін бөлу бағасы 1 мм. Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 500 мм дейін бөлу бағасы 1 мм	Кіріс бақылау журналы

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамаларды іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА белгіленуі	Өлшем, сынақ құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шектік ауытқу					Тип, марка, ТНҚА белгіленуі	Өлшеу ауқымы, қателік шегі, дәлдік сыныбы	
Жақтауша	-	Сондай	Жеткізуші паспорты бойынша	Сондай	Тұтас	Сондай	Көзбен шолу	Сапа туралы құжат (жеткізуші паспорты)		Сондай
Бекіту элементтері (дюбельдер, шегелер)	Марка, размеры	-«-	Сондай	-«-	Сондай	-«-	Сондай	Сондай		-«-
Монтажды көбік	Сондай	-«-	-«-	-«-	баллондағы жарам-қ күні б-ша	-«-	-«-	сәйкестік сертификаты		-«-
Силикон қымтақ	-«-	-«-	-«-	-«-	баллондағы жарам-қ күні бойынша	-«-	-«-	сәйкестік сертификаты		-«-
Бұрғы	Диаметр, мм	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-		-«-
Операциялық бақылау										
Жұмыстарды жүргізу шарттары:	Ауа температурасы, °С, кемінде	10	Жол берілмейді	Жұмыс жүргізу учаскесі	Сыртқы беттің 50 м ² -70 м ² кемінде 5 өлшемнен	Шебер (прораб)	Өлшемелі (МЕМСТ 26433.2)	Термометр	бөлу бағасы 1 °С	Жалпы жұмыс журналы

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамаларды іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА белгіленуі	Өлшем, сынақ құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шектік ауытқу					Тип, марка, ТНҚА белгіленуі	Өлшеу ауқымы, қателік шегі, дәлдік сыныбы	
Ағаш есік блоктарын орнату	Салыстырмалы ылғалдылық, %, артық емес:	60	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Ылғал өлшегіш	-	Сондай
	- ауа			-«-	-«-	-«-	-«-	Сондай	-	-«-
	- есік блогы қорабы	12	± 3,0	-«-	-«-	-«-	-«-	-«-	-	-«-
	- тақталар, жақтауша	9	± 3,0	-«-	-«-	-«-	-«-	Құрылыс деңгей өлшегіші (МЕМСТ 9416)	Дәлдіктің екінші сыныбынан төмен емес	-
	Есік ойықтарынан көлденеңімен тігінен ауытқу, мм	-		-«-	Тұтас, орындалған жұмыс көлемінің 5%	-«-	-«-	Құрылыс аспа салмағы (МЕМСТ 7948)	Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 500 мм дейін бөлу бағасы 1 мм	-
- сылақсыз еңістері бар есік ойығы, м			± 12				Өлшегіш металл сызғыш			
			± 16							

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамаларды іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА белгіленуі	Өлшем, сынақ құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шектік ауытқу					Тип, марка, обозначение ТНПА	Атауы	
Ағаш есік блоктарын орнату	- сылақталған еністері бар есік ойығы, м 3 дейін 3 астам 6 дейін	-	± 10 ± 12	Жұмыс жүргізу учаскесі	Сыртқы беттің 50 м ² -70 м ² кемінде 5 өлшемнен	Шебер (прораб)	Өлшемелі (МЕМСТ 26433.2)	Құрылыс деңгей өлшегіші (МЕМСТ 9416) Құрылыс аспа салмағы (МЕМСТ 7948) Өлшегіш металл сызғыш	Дәлдіктің екінші сыныбынан төмен емес - Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 500 мм дейін бөлу бағасы 1 мм	Жалпы жұмыс журналы
	Керме дюбельдер арасындығы қашықтық, астайды, мм	800	-	Сондай	Сондай	Сондай	Сондай	Өлшегіш металл орама Өлшегіш металл сызғыш	Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 10000 мм дейін бөлу бағасы 1 мм Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 500 мм дейін бөлу бағасы 1 мм	Сондай

4-кесте (жалғасы)

Бақылау объектісі (технологиялық процесс)	Бақыланатын параметр			Бақылау орны (сынамаларды іріктеу)	Бақылау кезеңділігі	Бақылауды немесе сынақ жүргізуді орындаушы	Бақылау әдісі, ТНҚА белгіленуі	Өлшем, сынақ құралы		Бақылау нәтижелерін ресімдеу
	Атауы	Атаулы мәні	Шектік ауытқу					Тип, марка, ТНҚА белгіленуі	Өлшеу ауқымы, қателік шегі, дәлдік сыныбы	
	Орнатылған есік блоктарының көлденеңі мен тігінен ауытқуы, аспайды, мм:	-	2	-«-	-«-	-«-	-«-	Құрылыс деңгей өлшегіші (МЕМСТ 9416)	Дәлдіктің екінші сыныбынан төмен емес	-«-
	Есік тақтасы еден арасындағы саңылау мен, аспайды, мм	-	5	-«-	-«-	-«-	-«-	Өлшегіш металл сызғыш	Өлшеу ауқымы 0 мм-ден 500 мм дейін бөлу бағасы 1 мм	-«-

4-кесте (жалғасы)

